|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру<br/>"Жол ережелері"<br/>Мақсат-міндеттер. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. Жол белгілерін білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту.<br/>"Балалар", "Трамвай аялдамасы", "Автобус аялдамасы", "Метро аялдамасы", "Тройллубус аялдамасы", "Жаяу жүргіншілер жолы", "Велосипедке арналған жол" жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру, ажыратуға үйрету.<br/>Қоғамдық көлік тәртібін ұстану біліктерін жетілдіру. Жолда жүру ережелері туралы білімдерін түрлі жағдаяттарда жалпылау.</p> | <p>("Ақсақ құлан" күйімен) таныстыруды жалғастыру. Ән айтуда (ақ лақ туралы) дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу. Музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтай білу қабілеттерін жетілдіру. Балалардың музыкалық аспаптарында жатық ойнау қабілетін жетілдіру.</p> <p>Тіл дамыту<br/>«Әңгімелеп үйренеміз. Л.Толстой «Екі жолдас». Дыбыс артикуляциясын қайталатып, сөзге дыбыстық талдау жасату. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту. Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға көмектесу. Қиялдауға</p> | <p>допты домалатуды пысықтау".<br/>Мақсат-міндеттер: балаларды 4 м арақашықтықтан қапшықты тік нысанаға иықтан асырып, сол қолмен лақтыруға үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Көркем әдебиет<br/>"Тұманбай Молдағалиев «Мамандықты таңдау»"<br/>Мақсат-міндеттері. Балаларды Тұманбай Молдағалиевтің</p> | <p>білдіретін үстеулермен байыту.<br/>Ас - аспаз, аспазшы, аспазхана. Аула - аулашы. Шебер - шеберхана, шеберлік. Балта - балташы. Сурет - суретші. Егін - егінші, егіншілік. Құру - құрылыс, құрылым, құрылысшы.</p> <p>Музыка<br/>"Комбайыншы боламын"<br/>Мақсат-міндеттер. Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, "күй" жанрымен («Келіншек» күйімен) таныстыруды жалғастыру Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Балаларды шығармалардың (комбайншы туралы әнді) эмоционалды мазмұнын, сипатын ажыратуға баулу. Музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту дағдыларын дамыту.</p> | <p>әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Көркем әдебиет<br/>"Бала - біздің болашақ» Қ. Аманжолов"<br/>Мақсат-міндеттер: өлеңінің мазмұнын ашу, өлеңнің әр шумағын дауыс ырғағын келтіре отырып қайталау, жаттату.</p> <p>Өлең мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                      |                                                                                                                                                     |                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |
|----------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|                      |                                                                                                                                                     | жетелеу, сөздік қорларын дамыту. Адалдыққа, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу. | «Мамандықты таңдау» өлеңімен таныстыру; өлеңнің мазмұнын мәнерлеп айтуға дағдыландыру; мәнерлеп оқу құралдарын саналы пайдалануға үйрету; мамандық иелерінің әрекетін сипаттайтын етістіктерді дұрыс таңдап қолдануға дағдыландыру; канатты сөз тіркестеріне қызығушылық ояту; сөйлеудің грамматикалық құрылымын жетілдіру; тыныс алу жүйесін, дыбыстық сөйлеу мәдениетін жетілдіру; еңбекті, адамды құрметтеуге тәрбиелеу. | Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді орындауға үйрету.<br><br>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>"Мамандықтар"<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балалардың әртүрлі мамандықтардың еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Топта жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, ғылыми терминдер мен сөздерді сөйлеуде қолдануды үйрету. Үлкенді сыйлауға, олардың еңбегін бағалауға тәрбиелеу. |  |
| <b>2-ші таңғы ас</b> | Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау) |                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.</p> <p>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуен</b>            | <p>«Қауіпсіздік». Жемшашарға қонған құстарды бақылау (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.</p> <p>Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.</p> <p>Сұлтан Қалиев</p> <p>"Жем шашқанда құстарға"</p> <p>Отырмай мен демалып,</p> <p>Сары аяз қысқанда,</p> <p>Тысқа шықтым жем алып,</p> <p>Шашайын деп құстарға.</p> <p>Көгершіндер</p> <p>Дәніме</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                              | <p>«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Арнайы көліктер. Өрт сөндіру көлігін (полиция көлігін) бақылау. (зерттеу, танымдық, қарым-қатынас, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: арнайы көлік құралдарының түрлерін (өрт сөндіру көлігін, полиция көлігін) ажырата білу қабілеттерін дамыту; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер (жүргізуші, өрт сөндіруші, полицей) еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру; сөздік</p> | <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Аула тазалаушының еңбегін бақылау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Аула тазалаушы еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға тәрбиелеу; адамның еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Қауіпсіздік. Еңбек құралдарын қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.</p> <p>Терезе сыртында не деген ғажайып!</p> <p>Алақай! Қыс түсті аулаға</p> | <p>«Өнегелі тәрбие».</p> <p>Жеткізушінің еңбегін бақылау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Адамның еңбегі туралы түсініктерді кеңейту, жеткізушінің әрекеттерін бақылап, жұмысының мазмұнын, сипатын тиянақтау, еңбек нәтижелерін қадірлеуге тәрбиелеу.</p> <p>"Жеткізуші кім?" – десеніз,</p> <p>Жауапты жылдам береміз:</p> <p>"Өнері асқан бұл маман</p> <p>Жүйрік, алғыр да шапшаң,</p> <p>Қалаған затты уақытында</p> <p>Жеткізеді адамдарға.</p> <p>Жаңбыр болсын, қар жауыны</p> <p>Кедергі болмайды, өйткені</p> | <p>«Қауіпсіздік». Жаяу жүргіншілерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жолдың жаяу жүргіншілерге арналған жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жер астынан өтетін жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін тиянақтау.</p> <p>Зайда Елғондинова</p> <p>«Светофор»</p> <p>Көшеде ол тұрады,</p> <p>Көрмей қалма сен оны.</p> <p>Жанса қызыл шырағы:</p> <p>«Токта, жолдас!» – дегені.</p> <p>Көшеде ол тұрады,</p> <p>Көрмей қалма сен оны.</p> <p>Жанса сары шырағы:</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Қонды келіп жағалай.<br/>Ал қарғалар<br/>Әріде<br/>Ұшып жүрді жоламай.<br/>Ешкімге жоқ залалы<br/>Көгершіндер батыл-ау!<br/>Болғаннан соң саналы<br/>Адамдарға жақын-ау!</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.) (еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттер.<br/>Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру, қамқорлыққа баулу. Құстарға жақындамай, қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.</p> <p>"Балықшылар мен балықтар".<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын</p> | <p>қорды молайту.<br/>– Қандай арнайы көлік түрлерін білесіңдер? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру, қар жинайтын, су себетін, полиция көліктері).<br/>– Осы көліктерге не себептен көк түсті шамды жаққызып, сиренаны қосқызады?<br/>– Бұл көлік түрлерін не себептен "арнайы" деп санайды?<br/>– Өрт сөндіру көлігін (полиция көлігін) қандай ерекшеліктер мен белгілерге қарап ажыратамыз?<br/>– Өрт сөндіру көлігі (полиция көлігі) келген кезде, біз қандай мамандарды кездестіреміз?<br/>– Олардың жұмысы қандай?<br/>– Өрт сөндіру көлігі (полиция көлігі) жолда қалай жүретінін білесіңдер ме?<br/>– Осы арнайы көлік түрлері жолда барынша жылдам жүру керек.</p> | <p>марқайып.<br/>Аппақ қар, үлпілдек, жер бетін жаулаған,<br/>Аулада балалар қарларға аунаған.</p> <p>Аулашы ағайдың,<br/>байқасақ, таң атпай<br/>Қолынан түспейді күрегі алыптай.<br/>Көппіз ғой, балалар,<br/>шығайық аулаға,<br/>Көмекші болайық аулашы ағайға. (Дина Ахметова)<br/>– Балалар, аула тазалаушы қандай жұмыстар атқарады?<br/>– Аула тазалаушының жұмыс құралдары бар ма? Оларды атап көрейік.<br/>– Қандай құралды қай уақытта қолдану керектігі неге байланысты.<br/>– Біз ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз?<br/>– Еңбек құрамдармен жұмыс жасауда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге</p> | <p>Жеткізуші сөз берген:<br/>"Қайтсе де, тауарды жеткізем!"<br/>Рақмет айтамыз,<br/>күлімдесіп,<br/>Аяғына дерт бермесін,<br/>Еңбегін аямаған біз үшін<br/>Сау болсын жеткізуші. (Д. Ахметова)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.<br/>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Екі аяз" қимыл-қозғалыс ойыны.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ынтаны</p> | <p>«Ал, дайындал!» – дегені.</p> <p>Көшеде ол тұрады,<br/>Көрмей қалма сен оны.<br/>Жанса жасыл шырағы:<br/>«Ал, өте бер!» – дегені.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттер. Жұмысқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері. Ынтаны мен шығармашылықты таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды ойын шартына сай қимылдауға, жалтарып жылдам жүгіруге</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>қарау және басқалары)</b></p> | <p>тыныс алу жүйесін нығайту, салмақтылыққа тәрбиелеу. Шарты. Педагог жаттығуды алдымен белгілі ырғақпен санап отырады, балалар санау реті бойынша демді мұрынмен ішке тартып, ауызбен қайта шығарады. Балалардың тыныс алу реті қалыптасқаннан кейін педагог санауды жылдамдатып, балаларға жиі тыныс алудың жаңа үлгісін ұсынады. Тағы бір амал ретінде ақырын санауға болады. Бұл кезде балалардың тыныс алуының тереңдігін қадағалау керек. Жаттығуды барысында белгілі санамақты, тақпақты, әнді айтқызу арқылы ұйымдастыруға болады.</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығулар "Түнгі қала" Мақсат-міндеттері. Балалардың түнгі қала сюжетін салуға үйрету; тіке және көлденең жуан</p> | <p>жануарлардың (адамның, құбылыстың) қасиеттерін сын есімдермен сипаттауды тыңдатып, сипаттаманың дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау; дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту. Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін: "Алма текше емес, шар", "қар ыстық емес, суық", "туған күнде көңіл-күй мұңлы емес, көңілді болады", "ағаштың діңгегі өскенде жіңішке емес, жуан болады", т.б.. Педагог тапсырмаларды тек жануарларға немесе тек құбылыстарға байланысты бере алады. Бұл ойынның нұсқалары көп.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын.</p> | <p>пішіндерді ажырату, санау қабілеттерін, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; ұғымталдыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі геометриялық пішіндерден құрылған бейнелердің сызбалы суреттері. Шарты. Балалар түрлі геометриялық пішіндерден құрылған суреттерге кезегімен қарап, қандай және саны қанша геометриялық пішіндерден құрылғанын айту керек.</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығулар "Біз көмекшіміз" Мақсат-міндеттер: балаларды құрылыс материалдары: цилиндр, тақтайша, текше, кірпіш, призманы пайдалана отырып жүк көлігін құрастыруды үйрету.</p> <p>«Әділеттілік - адамгершілік». "Дұрыс па, бұрыс па?" жаттығуы.</p> | <p>ұғымдарын нығайту; спорт жаттықтырушысының атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Құралдар. Спорт киімдері, ойыншық спорт жабдықтары немесе макеттері. Шарты. Педагог балалармен бірлесіп дайындық жұмыстарында спорттық жаттығулар, жаттықтырушы қызметінің мәнін суреттер, бейнежазбаларды көрсету арқылы әңгімелейді. Балалар жаттықтырушы жұмысын қалай атқарып (түрлі жаттығуларды көрсетіп, үйрету, жаттықтыру), қандай жабдықтарды ұсынатыны, тұтынушының қандай таңдау жасайтыны туралы біліп алуы тиіс. Міндетті түрді спорттық жабдықтардың атауларын айтқызу керек (штанга, гір, жүгіру жолы, созу</p> | <p>пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның "көршілерін" немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың ветеринарлық емханада қызмет атқаратын жануар дәрігері, мейірбике, күтуші жөнінде ұғымдарды нығайту; медициналық қызметкерлердің емханада атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; еңбекқорлыққа, жан-жануарларға деген аяушылыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> |
|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>жолақтарды сызып, көлемі түрлі тіктөртбұрышты үйлердің пішінін бояу техникасына үйрету; бояуды щеткадан бояуды бүркі техникасымен таныстыру; ұйқының пайдасы туралы мағлұмат беру; салауатты өмір салтын насихаттау.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Отбасы мүшелері жөнінде балалардың ұғымдардың нығайту; отбасы мүшелерінің әрқайсының рөлі туралы ойларын пысықтау; үлкенді құрметтеу, жақынына сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыс-аяқ, алжапқыш, ойыншық саймандар, кітап, газета, сыпырғыш, шелек пен сүлгі,</p> | <p>"Дәріхана".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларға "тауар", "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың</p> | <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру; әділетті ортада табысты даму амалдарымен таныстыру; шыншылдыққа, қамқорлыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ережелердің балалардың жайлы, қауіпсіз, әділетті өмір сүруіне қажетті екенін түсіндіру; кейбір ережелер сақталмаған жағдайлардың балалардың қауіпсіз, жайлы, денсаулыққа пайдалы әрекет етуіне кедергі болатынына көз жеткізу, балалармен талқылау.</p> <p>Балалардың өміріндегі (жақында болған) немесе көркем шығармада болған оқиғаны талқылау; әділетті шешімге келу жаттығуы.</p> <p>Оқиға бойынша әділ шешім қабылдау үшін жағдайды балалар өздері</p> | <p>жабдықтары), балалар ойын барысында осы сөздерді еркін қолдана алады.</p> <p>Балалардың арасынан ниетін білдірген бірнеше бала жаттықтырушы рөлін ойнайды, кейін балалар рөлдерді бөлу үшін санамақты қолданады.</p> <p>Алғашында педагог өз тарапынан ойын барысын сөзбен сүйемелдеп отырады, ойыншыларға қосымша әрекеттерін анықтайтын сұрақтар қойып жүреді, өзі қатысады. Бұндай амал ойын желісінің одан ары жалғасуына үлес қосады.</p> <p>Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: денсаулығың мықты, денең шымыр болу үшін жаттығуларды ерінбей жасау керек; жаттығу залында қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.</p> | <p>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларға "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу.</p> <p>Құралдар. Ветеринарлық емхана қызметкерлеріне қажет заттар мен құралдар; ақ халаттар, перчаткалар; емханаға қажет жиһаз, сөмкелер; ойыншық жануарлар және құстар.</p> |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              | ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника тағы басқа заттар мен киім үлгілері.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар. Ойыншық дәрі-дәрмектер. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар.                                                                                                                                                                                   | таңдайды немесе педагог ұсынады. Әділетті шешім үшін балаларға таныс көркем шығармадан мысал келтіру (немесе жаңаны оқып беру), әйгілі мақал-мәтелді қолдану: балалардың әйгілі әнді бірігіп айту, бірігіп ойнау, көмекке мұқтажды қолдау, тағы басқа амалдарды өздігінен, бірігіп табуға жағдай жасау.                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | Мақал-мәтелдер жаттату. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>1. Әлсіз денеге ауру ұялайды.<br>2. Таза ауа – жанға дауа.<br>3. Байлық – байлық емес, | "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.<br>Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету. | Жаңылтпаш айтқызу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттер.<br>Дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фонематикалық естуді дамыту.<br>Артикуляциялық жаттығулар жасау (жаңылтпаштар айту).<br>Екі шөжем қанаттана алмады,<br>Қанаттана алмағаны - салақ қарағанымнан, -<br>Дұрыс тамақтана алмады.<br><br>Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою- | Саусақ жаттығуы.<br>"Дәрумендер" (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу.<br>Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)<br>Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)<br>Қанттан сеуіп дәмдейміз | Мүсіндеуден ойын-жаттығу<br>"Дәрумендер – денсулықтың қамқоршысы"<br>Мақсат-міндеттер:<br>балаларды түрлі-түсті ермексаздардан көкөністерді мүсіндеуде әртүрлі тәсілдерді пайдалану дағдысын бекіту.<br><br>«Жасырынған дыбысты тап» ойын-жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Фонематикалық естуді |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | денсаулық – байлық.<br>4. Денсаулық – зор байлық.<br>5. Тазалық – саулық негізі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | "Бір сөздің көп мағынасы" жаттығуы.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)<br>Мақсат-міндеттері.<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту.<br>Сысалы.<br>– Бас – адамның басы; сөздің басы; айды басы; істің басы.<br>– Зор – денесі зор; ойы зор; денсаулығы зор; жатқан жері зор.<br>– Бай – мүлкі көп; бай, ойы терең, бай; жері құнарлы, бай; тілі жақсы сөздерге бай. | өрнектері.<br>(шығармашылық іс-әрекет)<br>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. | (саусақтардың ұшымен қант себеді)<br>Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).<br>Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандарын көрсетеді). | дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Балалар таңдаған дыбысты, суреттерге қарап, объектілердің атауларын атап, осы дыбыстың сөздегі орнын табу керек.<br>Құрал-жабдықтар.<br>Дыбыстық сурет-карточкалар. |
| <b>Серуенге дайындық</b> | (мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)<br>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.<br>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту. |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <b>Серуен</b>            | Мүз сүңгісін бақылау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті,                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | «Қауіпсіздік». «Экология». Күн батқан мезгілді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | «Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Қарғаны бақылау.                                                                                                                                                                                                                   | «Қауіпсіздік». «Экология». Кеш мезгіліндегі күнді                                                                                                                       | «Экологиялық тәрбие». Қарағайды бақылау.                                                                                                                                                                                                                                |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз) Бақылау. Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме). Тәжірибе: мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.)</p> | <p>тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Жұмбақ. Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру.</p> <p>Қасым Аманжолов "Көктем" Сансыз көкек сұңқылдап, Көктем келді ертелеп, Нәзік үнмен сыңқылдап, Бұйра бұлақ еркелеп. Асау өзен арқырап,</p> | <p>Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Қыстың соңында табиғатта қандай өзгерістер болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Жер тәуелді күн-патшайымына, Адам, аң, құс қуанады күннің әрдайымына. Жер бетіндегі тіршілік мәңгі байланысты Оттай күннің әсерлі салмағына. Жасасын күннің ғажайып жарығы! Жасасың Күн мен Жердің мәңгі татулығы! (Д.Ахметова)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> | <p>жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырып, мән-мағынасын түсінуге, есте сақтауға, сөйлеуде қолдануға көмектесу. Иттің құны – бір күшік. Итін жамандасаң, Иесіне тиеді. Иттің жатқан жері – төсегі. Ит арық болса Ауылдың намысы.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпырғышпен сыпыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын жауапкершілікпен орындауға жаттықтыру, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Еңбек</p> | <p>құбылуын бақылауға дағдыландыру. Ой-қиялын дамыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, толық жауап беруге ынталандыру. Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып кетті – Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру, қамқорлыққа баулу. Құстарға жақындамай, қауіпсіздікті</p> |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>(еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру, қамқорлыққа баулу. Құстарға жақындамай, қауіпсіздікті сақтауды қадағалау.</p> <p>«Қоймадағы тышқандар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. белгі бойынша жалтарып жүгіруді желітдіру. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> | <p>Асқар таудан дүркіреп, Айдын жатыр жарқырап, Алды дала бір түлеп. Көкте бұлттар күркіреп, Жерге төкті өрмегін. Жауды жаңбыр сіркіреп, Мейірленіп жерге күн. «Өнегелі тәрбие».</p> <p>«Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі).<br/>Мақсат-міндеттері. Балаларды жарыс</p> | <p>учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>"Кім жылдам?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Жүгіру қимылын жетілдіру, жылдамдықты дамыту; кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын</p> | <p>құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау.</p> <p>"Балықшылар мен балықтар". (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану.</p> <p>"Кілттер" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер: секіру (бір аяғымен), шектеулі жерде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; дәлдікті дамыту.</p> | <p>сақтауды қадағалау.</p> <p>«Қауіпсіздік». "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлай білуді, дене үйлесімдігін, жылдамдықты, ептілікті, шапшаңдықты дамыту. Зеректікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау.</p> <p>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері: Балаларды бастамашылдық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру; ойын ережелеріне бағына білу дағдыларын дамыту. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, мақсатшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Жоғары лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдыларын қалыптастыру; дербестік танытуға баулу; физикалық қасиеттерді: икемділікті, ептілікті дамыту.</p> <p>Өз бетімен ойындар: Сүйікті ойыншықтармен ойын. Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу.</p> | <p>элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген қимыл дағдыларын (жүгіру, секіру) жетілдіру. Эстафеталар реті: жүгіру, екі аяқпен алға секіру, кедергілерден аттап секіріп жүгіру.</p> <p>«Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері: Балаларды бастамашылдық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру; ойын ережелеріне бағына білу дағдыларын дамыту. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы</p> | <p>дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жұбынды тап".<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді, физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, икемділікті, ептілікті) дамыту. Ойын шартын ұстануды бекіту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір орында жоғары секіру.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Секіру қабілетін дамыту, күшін жылдамдықпен үйлестіру.</p> | <p>«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан».<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу.<br/>Құралдар: асықтар, шеңбер.<br/>Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер: секіру техникасын жетілдіру. (ұзын арқанмен жаттығулар)</p> | <p>алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, қолды сермеп, екпінді аяқпен жерден қуатты итеріле білуді, жерге тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету.<br/>Шапшаңдықты, батылдықты тәрбиелеу. Қауіпсіздікті ескеру.</p> <p>«Жоғары лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттері. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдыларын қалыптастыру; дербестік танытуға баулу; физикалық қасиеттерді: икемділікті, ептілікті дамыту.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру (ұзын арқанмен жаттығулар).</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                        |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <p>ұзындыққа секіруді, қолды сермеп, екпінді аяқпен жерден қуатты итеріле білуді, жерге тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету.</p> <p>Шапшаңдықты, батылдықты тәрбиелеу. Қауіпсіздікті ескеру.</p> <p>Өз бетімен ойындар. Қар бетіне сурет салу. (шығармашылық іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау.</p> |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                        |
| <b>Серуеннен оралу</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>«Үнемді пайдалану». Жуынууда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету.</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильмі</p> <p>Ұқыпты Алан</p> <p><a href="https://youtu.be/ARxq9eUY6PA">https://youtu.be/ARxq9eUY6PA</a></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                        |                                                                                                        |                                                                                                        |
| <b>Түскі ас</b>        | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                             | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану</p> | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану</p> | <p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | қолдану дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Ерте тұрып таңнан,<br>Пісірді апам ақ нан.<br>Кетер емес әлі,<br>Таңдайымнан дәмі.<br>Жесем тоймай қаламын,<br>Әжемді еске аламын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Нан анасы бидаймын,<br>Елге астық сыйлаймын.<br>Дәнім толып піскенде,<br>Қауызыма сыймаймын.<br>Ақ, қарамын, сарымын,<br>Мен өнімді тарымын.<br>Халқым еңбек сіңірсе,<br>Қайтарамын қарымын.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, қарым-қатынас іс-әрекеті) | дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар<br>Нанда адамның еңбегі мен ары бар.<br>Нан өмірдің ана сүті арқауы<br>Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Нан қиқымын шашпандар,<br>Жерде жатса баспандар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастандар.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) | дағдыларын жетілдіру.<br>«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.<br>Көркемсөз<br>Ей, балалар, балалар,<br>Бар қасиет нанда бар!<br>Тоқаш, бөлке көп болар,<br>Тәттіге жұрт тоқ болар,<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті) |
| <b>Күндізгі ұйқы</b>     | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Гауһар тастар» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертерісі)<br><a href="https://bilimkids.kz/media/video/gauhar-tastar">https://bilimkids.kz/media/video/gauhar-tastar</a><br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)                                                                      | Өз төсек орнын тауып, жатуды үйренеді.<br>«Қаршақыз» ертегісін оқып беру.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)                                                                                                                                                                                                                                                                  | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру.<br>«Ермағамбет» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертерісі)<br><a href="https://bilimkids.kz/media/video/ermagambet">https://bilimkids.kz/media/video/ermagambet</a><br>(қарым-қатынас іс-әрекеті)                                        | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. (музыка)                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>Ұйқыдан біртіндеп</b> | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

|                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>ояту, сауықтыру шаралары</b>                                                                                                                               | Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созу, жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене тәрбиесі) «Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары. "Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өзіне-өзі қызмет етуде дербестік пен жауапкершілікке баулу; өз төсегіне күтім жасауға дағдыландыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Бесін ас</b>                                                                                                                                               | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b> | "Сақина" аз қимылды ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды зеректікке, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Құралдар: баланың алақанына жасырылатын шамадағы сақина. Шарты. Ойыншылар жарты шеңбер құрып отырады, жүргізуші сақинаны алып, әрбір балаға кезегімен сақинаны салған сияқты қимылдар жасайды. Алақанына жасырынып салынған сақинасы бар баланы жүргізуші шақырғанда орнынан ытқып шығып, шеңбердің тысына шығып кету керек. Ойыншылар сақинасы бар баланы байқаса, оны орнынан жібермей, ұстап алу керек.                | Дидактикалық ойын. "Маталар жәрмеңкесі". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғи және жасанды маталар түрлерін ажыратуға жаттықтыру; мата түрлерін ұстап, сипау, көзбен қарау, салыстыру сияқты зерттеу тәсілдеріне үйрету; түйсік, зейін, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; талғампаздыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар. Табиғи маталар кескіндері: мақта мата (сиса, батист, атлас, джинсы), зығыр мата; жүн мата (драп, киіз мата); жібек мата (шифон, жаккард, атлас); жасанды маталар (вискоза, плащ матасы). | Жас зерттеуші "Құстар ұшып келгенде" Мақсат-міндеттер: балаларға құстардың пайдасы туралы мағлұмат беру; құстардың түрі, тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.<br><br>Дидактикалық ойын. "Дұрыс па? Бұрыс па?" (қажетті етістіктермен сипаттау) (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жануардың (адамның, құбылыстың) қимыл-қозғалысын білдіретін сөздерді тыңдатып, сипаттаманың дұрыс немесе бұрыстығын анықтатқызу, дұрыс нұсқаны айтуға ынталандыру; қоршаған әлем заңдылықтары жайындағы | Дидактикалық ойын. "Бұл қай мезгілде болады?" (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың мезгілге тән құбылыстар туралы білімдерін тиянақтайды; ойлау, есте сақтау, зейін, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту. Шарты. Педагог балаларға кез келген жыл мезгіліне тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың атауын, жыл мезгілін табуға міндетті. Балаларды жауаптарын тек бір сөзбен ғана айтпай, құбылыстың не себептен болғанын түсіндіруге талпындыру қажет. | Дидактикалық ойын. "Адасқан сандар". (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың сандар тізбегі жайындағы білімдерін нығайту; реттік сандарды пысықтау; сандар тізбегінде аталған санның көршілерін немесе тізбектегі кез келген санның арасында жасырынған санды тауып атауға жаттықтыру; зейінді, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу.<br><br>Боямақ суреттермен жаттығулар. (шығармашылық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Түстер мен олардың реңктерін беруді жетілдіру. Бейнелеу әдістерін (штрихтар) |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Сурет салудан ойын-жаттығулар</p> <p>"Анамның портреті"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ананың портреті салуға үйрету; екі көз, мұрын, ауыз сияқты бет мүшелерін мөлшерлеп, адамның бетін салу техникасын игерту.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық».</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Сұлулық салоны".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларға "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт,</p> | <p>Педагог қанша маталарды зерттеуге болатынын, қалыптасқан жағдайларға сүйеніп, ойынды ұйымдастырады.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын «Телестудия».</p> <p>(қарым-қатынас, еңбек, зерттеу, танымдық іс-әрекеттері)</p> <p>Міндеттері:</p> <p>Телевизия қызметкерлері туралы, олардың мамандықтары мен еңбегі жайлы түсініктерін қалыптастыру; еңбек нәтижелерінің мазмұны, сипаты мен маңыздылығын түсіндіру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын, қиялын, коммуникативтік қабілеттерін дамыту; сөйлеу мәнері, мимика мен ым-ишараны көркем жеткізе білу қабілеттерін жетілдіру; топпен өзара әрекеттесу, келісу, өзгенің рөлін, пікірін құрметтеу дағдыларын дамыту.</p> <p>Қажетті құрал-жабдықтар:</p> | <p>білімдерін нығайту; сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту; дүниетанымын кеңейту.</p> <p>Балалардың жауаптары мынадай болуы мүмкін:</p> <p>"Қасқыр шаңқылдамайды, ұлиды", "жел тамшыламайды, соғады, еседі", "құс жорғаламайды, ұшады", "балық ұшпайды, жүзеді", т.б.</p> <p>Педагог жануарларға немесе құбылыстарға ғана сипаттама беруі мүмкін. Бұл ойынның нұсқалары көп болады.</p> <p>Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою-өрнектері.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру.</p> <p>Табандылыққа тәрбиелеу.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық».</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> | <p>Жапсырудан ойын-жаттығулар</p> <p>"Қарлығаш - біздің досымыз"</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p> <p>балаларды қарлығаш құсының дайындамаларын қағаз бетіне құрастырып, көктем мезгілінде құстардың жылы жақтан ұшып келетінін айтып, жапсыруға үйрету.</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Кітапхана".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың кітапхана жайында ұғымдарын нығайту; кітапханашы атқаратын рөлі неде екендігін анықтау; тәртіптілікке, ұғымталдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Кітаптарға сөрелер, түрлі кітаптар;</p> | <p>қолдану. Берілген бейненің сұлбасы шетінен шықпай бояуға үйрету. Бейнелеу сапасына көңіл аудару.</p> <p>«Қаржылық сауаттылық».</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын.</p> <p>"Аспазхана".</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балалардың аспазханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері туралы білімдерін тиянақтау; қоғамдық орындарда әдептілік, тамақтанудағы әдеп ережелерін меңгерту, оларды ұстануға ынталандыру; сыпайы қарым-қатынас құруға, еңбекті қадірлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларға "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен</p> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар. Шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар қолданатын ойыншық құралдар және модельдері (қатпа қағаздан, пластиктен жасалған); перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданатын таңбалауыштар.</p> | <p>Ойыншық немесе картоннан жасалған камера (қораптан жасауға болады); Микрофон (фольгадан немесе картоннан жасалған); Жүргізушіге арналған үстел мен орындықтар; Жаңалықтар, ауа райы болжамы, афиша және т.б. жазылған карточкалар; Рөлдерге арналған атрибуттар: бейджер, құлаққаптар, блокноттар, папкалар, реквизиттер; Теледидар (салынған немесе қораптан қиылып жасалған экран); Студия қонақтарына арналған реквизиттер (бетперде, ойыншықтар, кітаптар және т.б.). Сюжетті-рөлдік ойын. "Киім тігу шеберханасы". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың түсінігінде киім тігу шеберханасы</p> | <p>"Дәріхана". (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың дәріхана қызметкерлері (фармацевт, провизор) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру. Балаларға "тауар", "қызмет", "баға", "табыс көзі" ұғымы жайында, табыстың негізінде уақыт, білім мен қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар. Дәрі-дәрмектердің</p> | <p>оқырманды белгілеу кітапшасы; оқырман билеті бейнеленген карточкалар. Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасай алады: кітапханадағы негізгі ережелер: тыныштық сақтау, қатты сөйлемей; кітаптарды тазалықта ұстау, оқып болғаннан кейін, кітапханаға қайтару.</p> | <p>қабілеттер, қойылған нәтижеге жету жатқаны туралы түсіндіру. Ойын шарты бойынша қызмет үшін жасалатын "төлем", қарапайым есеп (тең, кем, артық, көп, аз) әрекеттерін бекіту; ойындағы мамандықтар туралы түсініктер қалыптастыру; еңбекті және адамдардың еңбегін құрметтеуге баулу. Құралдар. Аспазхана жиһаздары (үстелдер мен орындықтар), аспазхана қызметкерлеріне (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері) киім үлгілері мен құралдары. Даяшы келген тұтынушыларға мәзірді ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз әзірлеуді көрсетеді. Даяшы балаларға әкеліп береді, балалар төлемді жасайды. Балаларға "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жаңа сөздерді айтқызу керек, балалар сол сөздерді пайдаланады.</p> |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                              |                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                    |
|------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                              |                                                                                                                                                                                     | <p>ұғымын бекіту; ойын барысында дизайнер, киім үлгісін пішуші маманы, тігінші, тоқымашы, үтіктеуші сияқты мамандықтардың киім тігу шеберханасында қандай орын алатыны туралы түсініктерін тиянақтау; ойын барысында рөлдерді игерту; эстетикалық талғамды, ойлау қабілетін; төзімділікке, еңбексүйгіштікке, адамның еңбегін қадірлеу қабілетіне тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Ілмектер, ойыншық тігін машинасы, ойыншық қайшы, ойыншық үтік, жіптер, мата үлгілері, бор, сызғыш, қарындаш, сәнді киімдердің суреттері басылған журналдар, киім үлгілерінің сызбалары.</p> | <p>модельдері. "Дәріхана" сөмкелері; ақ халаттар, төлемді қамтамасыз ететін карточкалар мен қаражаттың орнына қолданылатын таңбалауыштар.</p>                           |                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                    |
| <b>Балалармен жеке жұмыс</b> | <p>"Көктем" тақпағын жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Тірі және өлі табиғат, табиғат</p> | <p>"Сыпайы сөздер" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың өзін-өзі ұстау мәдениетін, сыпайылықты, әрқайсысына деген құрмет</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | <p>"Артық құсты тап" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қыстайтын құстарды сыртқы түрінен тануға жаттығу; "жыл құстары" ұғымын</p> | <p>"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы</p> | <p>Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем,</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          | <p>құбылыстары (маусым) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балаларды қол жетімді көркем шығармала әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Көктем қырға төрледі, Төрт түлік мал төлдеді. Бәйшешектер құлпырып, Деп тұрғандай: «Көр мені!» Жылы мезгіл жетіпті, Тастадық біз етікті. Қар көктемге жеткізбей, Тауға шығып кетіпті! К.Ыбырайұлы</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | <p>сезімін, досқа, бір-біріне көмектесуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу. Барысы. Педагог балаларға әртүрлі сюжеттер бейнеленген суреттерді көрсетеді және сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді.</p> | <p>нақтылау, олардың аттарын есте сақтау, қыстайтын құстарды ажырату, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Барысы. Педагог жыл құстарын жемшашарға ұшып келген қыстайтын құстардың арасына арнайы орналастырады. Балалар құстарды мұқият тексеріп, артық құстың атын атайды. Педагог балалардан өз таңдауын түсіндіруді сұрайды. (қарым-қатынас іс-әрекеті,</p> | <p>ұғымдарын тиянақтау. Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Байланыстыра сөйлеуде, ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға дағдыландыру. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдай білуді, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай білуді дамыту. Ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту.</p> | <p>сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп). (қазақ тілі)</p> <p>"Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алс – жақын, т.б.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу.</p> <p>«Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.</p> |                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

|        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|--------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Серуен | <p>«Экологиялық тәрбие», «Өнегелі тәрбие». Қарағашты бақылау.</p> <p>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балалардың тірі табиғат түрі, қарағаш ағашы, туралы білімдерін тиянақтау; қарағаш ағашына тән белгілерді атауға ынталандыру; қысқы маусымда ағаштардың тіршілігі себептерін талқылау; өсімдіктерді (ағаш және бұтақтар) жіктей білуді бекіту.</p> <p>Қауіпсіздік. Экология. Бақылау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру, өсімдіктерге күтім жасауға баулу.</p> <p>Қарағашты неге солай атайды?</p> <p>Суық пен ыстықта ағаш неге солмайды?</p> <p>Қарағаштың діндегі</p> | <p>Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (ауа, бұлт, жел). Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру. Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Ой-қиялын дамыту.</p> <p>Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып кетті – Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып.</p> <p>Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар</p> | <p>Мұз сүңгісін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, таным іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (су, ауа, мұз сүңгілері); мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Құбылыстың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету.</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз) Бақылау. Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме). Тәжірибе: мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау.</p> <p>Қорытынды: мұз сүңгі - бұл</p> | <p>«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Такси көлігін бақылау.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: көлік құралдарының түрлерін ажырата білу қабілеттерін дамыту; такси – адамды тасымалдайтын жеке көлік туралы түсініктерді тиянақтау; әртүрлі мамандықтар: көлік жүргізушілер еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалауға үйрету; жолда қауіпсіздік ережелерін сақтауға ынталандыру.</p> <p>Қоғамдық көлікте сыпайылық ережелерімен таныстыруды жалғастыру (салонда қатты сөйлемей, қауіпсіздік белбеуін тағып отыру).</p> <p>«Қаржылық сауаттылық»: таксиде жүру үшін жол ақысын төлеу тәртібі</p> | <p>«Қауіпсіздік». «Экология». Кеш мезгіліндегі күнді бақылау.</p> <p>(экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын бекіту, оған күннің жататынын анықтау; күн мен маусымдық табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылауға, түсінуге үйрету.</p> <p>Күннің көзіне тура қарамау туралы қауіпсіздік ережесін бекіту, фотопенканы, күн көзілдірігін пайдалануды ұсыну.</p> <p>Кешкі уақытта күннің көлемі, күндізгіге қарағанда, едәуір үлкен, түсі қызылға айналатынын, суық маусым кезеңінде күн ерте бататынын байқату.</p> <p>Аспан көгін баурап алып, жайғасқан, Таңнан бері біздің ойға ұласқан, Күн қарайды оттай жылы</p> |
|--------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Әжемнің әжіміндей,<br/>Қарағаштың тамыры<br/>Тарайды өрімдей.<br/>Суық пен ыстыққа<br/>қарағашым-ай төзеді,<br/>Бұтақтарын жан-жаққа жайып<br/>өседі.<br/>"Шыда, шыда" - деседі ол<br/>жолаушыға,<br/>Көлеңкесін дарып, пана беріп<br/>сұраушыға. (Д. Ахметова)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек<br/>тапсырмалары: серуенге<br/>шығарылған ойын<br/>жабдықтарын жинау.<br/>(танымдық іс-әрекет, қарым-<br/>қатынас, еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері. Бастаған<br/>ісін аяғына дейін жеткізуге,<br/>дербестік пен<br/>жауапкершілікке баулу.<br/>Ойыншықтар мен заттар<br/>адамның еңбегі нәтижесінде<br/>пайда болатынын ескерту,<br/>ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Балықшылар мен балықтар".<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ынтаны<br/>таныта отырып, таныс<br/>қимылды ойындарды өз</p> | <p>болып.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек<br/>адамдармен бірге<br/>орындалатын қарапайым<br/>еңбек тапсырмалары:<br/>самалжайды жинау.<br/>(танымдық іс-әрекет, еңбек<br/>іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Шамасы келетін, бірлескен<br/>еңбек әрекетіне қатысуға,<br/>бастаған ісін аяғына дейін<br/>жеткізуге, дербестік пен<br/>жауапкершілікке баулу.<br/>Еңбексүйгіштікке<br/>тәрбиелеу.</p> <p>«Қауіпсіздік». "Үшінші<br/>артық" қимыл-қозғалыс<br/>ойыны.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ынтаны<br/>таныта отырып, таныс<br/>қимылды ойындарды өз</p> | <p>қатқан су, күн жылы<br/>болғанда ериді.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек<br/>адамдармен бірге<br/>орындалатын қарапайым<br/>еңбек тапсырмалары:<br/>учаскедегі жолдарды<br/>қоқыстан тазарту.<br/>(еңбек іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттер. Бастаған<br/>ісін аяғына дейін жеткізуге,<br/>дербестік пен<br/>жауапкершілікке баулу.<br/>Еңбексүйгіштікке, көпшіл<br/>болуға тәрбиелеу, бірігіп<br/>жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>«Кедергілерді жеңгіштер»<br/>қимылды ойын-эстафетасы.<br/>(дене тәрбиесі)<br/>Мақсат-міндеттер.<br/>Шектелген жазықтықтың<br/>үстімен (екі жолақ арасымен)<br/>қосалқы қадаммен жүруді;<br/>кедергілердің арасымен өту<br/>арқылы "жыланша" жүгіруді;<br/>оң және сол аяқты алмастыра<br/>отырып, сызықтардан<br/>секіруді жетілдіру. Жігерлі,<br/>шыдамды, зерек болуға<br/>баулу.</p> | <p>туралы, адамға жасалған<br/>қызмет үшін төлем жасау<br/>туралы түсінік беру.</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Ересек<br/>адамдармен бірге<br/>орындалатын қарапайым<br/>еңбек тапсырмалары:<br/>самалжайды жинау.<br/>(танымдық іс-әрекет, еңбек<br/>іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері.<br/>Шамасы келетін, бірлескен<br/>еңбек әрекетіне қатысуға,<br/>бастаған ісін аяғына дейін<br/>жеткізуге, дербестік пен<br/>жауапкершілікке баулу.<br/>Еңбексүйгіштікке<br/>тәрбиелеу.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт<br/>қазынасы». "Бәйге" қазақ<br/>халқының қимылды<br/>ойыны.<br/>(дене тәрбиесі, қазақ тілі)<br/>Мақсат-міндеттер. Ұлттық<br/>қимылды ойындарды<br/>ойнату. Балаларды жарыс<br/>элементтері бар ойындар<br/>мен эстафеталық<br/>ойындарға қатысуға баулу.<br/>Олардың жарыстар</p> | <p>жүзімен,<br/>Күн сайын ол қоштасады<br/>күзімен.</p> <p>Түн кезегін күманданбай<br/>береді,<br/>Таң атқанша жауап сұрап<br/>келеді:<br/>– Сағындың ба, адам, күтіп<br/>бүтінді?<br/>Жарығың боп мен бастайын<br/>күнінді. (Д. Ахметова)</p> <p>«Өнегелі тәрбие». Еңбек<br/>тапсырмалары: самалжайды<br/>тазалау, ұсақ қоқысты<br/>(контейнерге) жинау.<br/>(танымдық іс-әрекет, еңбек<br/>іс-әрекеті)<br/>Мақсат-міндеттері. Тазалық<br/>пен тәртіпке дағдыландыру;<br/>бастаған ісін аяғына дейін<br/>жеткізуге, жауапкершілікке<br/>баулу.<br/>Қауіпсіздік. Еңбектегі<br/>қауіпсіздік ережелерін<br/>қайталау, қадағалау.</p> <p>«Ұлттық ойын - ұлт<br/>қазынасы». Қазақ халқының<br/>ұлттық ойыны. «Бөрік-<br/>телпек»</p> |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
